

ОӘЖ 372.881

МЕКТЕПТЕГІ ТІЛДІК ПӘНДЕРДІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРГЕ ШОЛУ ЖАСАУ

Жұман Сәния Әділбекқызы

*«Шет тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасының
2 курс магистранты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті,
Қызылорда қ., Қазақстан*

Ғылыми жетекші: Орыс тілі және әдебиеті БББ-ның доценті,
ф.ғ.қ Майгелдиева Жанат Мұсабекқызы

Бұл мақала Қазақстанда үштілді білім беруді жүзеге асырудың теориялық және практикалық аспектілері қарастырылады. Қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілдері арасындағы өзара байланысын маңыздылығы талқыланып, оның оқушылардың коммуникативтік, танымдық және мәдениаралық дағдыларын дамытудағы рөлі көрсетілген. Зерттеу барысында тілдік пәндерді оқытудың заманауи әдістемелері, тәжірибелік мысалдар және кездесетін кедергілер мен оларды шешу жолдары қарастырылған.

Кілт сөздер: үштілді білім беру, тілдік пәндер, коммуникативтік дағдылар, әдістемелік тәсілдер.

Қазіргі уақытта қазақстандық білім беру жүйесі мәдениетаралық өзара іс-қимыл мен халықаралық ынтымақтастық ауқымын кеңейту арқылы жаһандану және интернационалдандыру процестерінің ықпалымен елеулі өзгерістерге ұшырауда. Өскелең ұрпақтың қазіргі өмірге бейімделуі және қазақстандық білім берудің бәсекеге қабілеттілігін күшейту үшін оның функционалдық сауаттылығын арттыруға баса назар аударылады [1].

Білім беру жүйесінде тілдік пәндердің (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі) арасындағы байланысын жүзеге асыру – қазіргі заман талап ететін оқытудың маңызды бағыттарының бірі. Орта білім беруді жетілдіруге біз үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде коммуникативтік қабілеттерді игеруге баса назар аударатын үш тілді саясат призмасы арқылы келеміз өйткені Қазақстанның көпұлтты және көпмәдениетті қоғам екені сөз айтылмай белгілі. Осы айтылған үш тілдің: мемлекеттік тіл (қазақ тілі), ұлтаралық қарым-қатынас тілі (орыс тілі) және халықаралық тіл (ағылшын тілі) арасындағы байланысын тереңдетуді әлде қайда қажет етеді. Мұндай интеграция оқушылардың

когнитивті, лингвистикалық және мәдениаралық коммуникация қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Көптілді білім беру әр түрлі мәдениеттерді құрметтейтін және түсінетін, әр түрлі ортадан шыққан адамдармен үйлесімді өмір сүруге ықпал ететін тұлғаларды тәрбиелеуге бағытталған. Бұл тұрғыда ағылшын тілі ең жаңа ақпаратқа қол жеткізуді жеңілдететін, бейімделуді жылдам әрі оңай және өмір бойы оқуға ықпал ететін жаһандық тіл ретінде әрекет етеді.

Білім алушыларға арналған көпмәдениетті білім беру тұжырымдамасы білім беру процесінің маңызды аспектісі ретінде ұсынылады. Осы тәсілдің арқасында студенттер әртүрлі мәдениеттердің өкілдерімен тиімді қарым-қатынас жасауы үшін қажетті қабілеттерге, жеке қасиеттерге және құзыреттерге ие болады. Олар әртүрлі құндылықтарды терең түсінуді дамытады, мәдениетаралық айырмашылықтарға төзімділікті тәрбиелейді және мағыналы мәдениетаралық диалогқа қатысу дағдыларын дамытады[2].

Осы шолу үштілді білім берудегі ғылыми зерттеулерді талдауға және оларды іске асыру жөніндегі мектеп тәжірибесіндегі қолданылу ерекшеліктерін көрсетуге мақсатталған.

Қазақстанның тіл саясаты білім беру жүйесіндегі үштілділік саясатында өзгерістерде көрініс табады. Қазіргі уақытта Қазақстанда тілдік құзыреттерді - қазақ-орыс қос тілділігі, сондай-ақ қазақ-орыс-ағылшын үштілділігі деп аталады (казахско-русское двуязычие, а также казахско-русско-английское трехязычие) [3].

Көптеген отандық зерттеушілер көптілді яғни үштілді оқыту мәселесі бойынша зерттеулер жүргізген. Атап айтқанда Қазақстандық профессорлар Р.Б. Нұртазина [4], Б.А. Жетпісбаева [5] және С.С. Кунанбаева [6] бұл бағытта маңызды зерттеулер жүргізді. Олардың еңбектері Қазақстандағы полимәдени және полилингвалды білім беруді дамыту жолдарын сипаттайды.

Халықаралық тәжірибеде үштілді оқытуға қатысты зерттеулерді Теодор Андерсеннің, Ноам Хомскийдің, Татьяна Черниговскаяның және Валерия Демареваның еңбектерінен көруге болады. Олар ерте жастан шет тілдерін оқытудың тиімділігі мен маңыздылығын көрсеткен. Ерте мектеп жасында оқушылардың ойлау процесі әлі де дамып жетіледі және шет тілі оларға әлі күрделі болып көрінбейді. Шет тілін үйренудің алғашқы кезеңінде (ана тілін белсенді меңгеру орын алған кезде) білім алушыларға Т.Черниговскаяның кітапты "пищей для мозга" дегені оқушыларға сөйлеуін табиғи, әдеби және мәдени дамуға үйретеді. Білім алушыларға кітап оқуға кеңес береді[7]. Біздің заманымыздың ең ұлы лингвисті Ноам Хомский "тіл ойлау үшін жасалған" деп атап өтті. Әлем барған сайын екі тілді бола бастағанда, екі тілді игерген бала икемді және когнитивті ойлауы жақсы дамыған тұлға қалыптасады. Екі тілді орта өскен тілдер арасындағы ауысу кезеңі бала үшін байқалмай өтеді, бұл негізінен екі тілді меңгерген Қазақстан тұрғындарының бақылауларымен

расталлады. Мұндай ортада өскен балаларға тілдер арасында ауысу оңайырақ деп тұжырым берген.

Қазақстанда үш тілдің байланысын зерттеуде этно-лингводидактикалық әдістер кеңінен қолданылады. Мысалы, 2017 жылы Новосібір мемлекеттік педагогикалық университетінің хабаршысында "Үш тілді білім берудің қазақстандық моделі (әдіснамалық тәсілдері, қағидаттары мен негізгі стратегиялары)" атты мақала жарияланды, оның авторлары Сырымбетова Ляйля Саркытовна, Жумашев Рымбек Муратович, Ныгметулы Данияр, Шункеева Сауле Алишеровна, Жетписбаева Бакытгуль Асылбековна [8]. Мақала тарихи және әлеуметтік-педагогикалық алғышарттарды ескере отырып, үштілді білім берудің қазақстандық моделін тиімді іске асыру мақсатында оқытудың әдіснамалық тәсілдері мен негізгі стратегияларының негіздемесі болып табылады. Ғалымдар үш тілді білім берудің қазақстандық моделінің негізінде алынған үш негізгі әдіснамалық тәсілді олардың тиімділігі мен орындылығы тұрғысынан қарастырады; үш мақсатты тілді: қазақ (мемлекеттік), орыс және ағылшын тілдерін оқытудағы негізгі қағидаттар мен стратегияларды бөліп көрсетеді. Олар мақсатты тілдерді оқытуда тілдің дамуының негізгі лингвистикалық заңдылықтарын ескеру қажеттілігіне ерекше назар аударады. Зерттеу нәтижесінде ғалымдар оқу процесінде мақсаттық үш тілдерді бірігіп оқыту стратегиясын анықтайды. Іс жүзінде оларды іске асыру тілдік пәндер бойынша оқу жүктемесінің көлемін ұлғайту, CEFR типі бойынша тілдерді оқытудың деңгейлік моделіне және оларды бағалау жүйесіне сәйкес білім алушылардың тілдік және коммуникативтік құзыреттеріне бірыңғай талаптарды енгізу, сондай-ақ білім беру процесінде олардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір нысаналы тіл бойынша лексика-грамматикалық минимумды жасау жолымен жүзеге асырылуын зерттеген.

Қорытынды бөлімде авторлар "Үш тілді білім берудің қазақстандық моделі бойынша оқу процесін ұйымдастыру кезінде үш нысаналы тілді оқытудың негізгі тәсілдері мен қағидаттарын: коммуникативтік және мәдениетаралық коммуникативтік тәсілдерді; тіл мен мәдениетті бірлесіп оқытуды, қазақ (мемлекеттік) тілдерінің теңгерімділік қағидаттарын ұстану қажет" деп атап көрсетеді. Бұл ретте тілдерді оқытуда негізгі құрал пән мен тілді интеграцияланған оқыту әдістемесі болып табылды.

Тілдік пәндерді өзара байланысын іске асыру арасында осы әдістер ерекшеленеді:

1. Грамматикалық ұқсастық: Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің грамматикалық құрылымдар арасындағы өзара ерекшеліктерімен ұқсастықтарын тиімді пайдалану.

2. Салыстыра үйрету: Білім алушыларға үш тілдегі ортақ сөздерді, сөйлем құрылымдарын салыстыру арқылы үйрету.

3. Жобалық оқыту: Бірнеше тілде ақпаратты жобалар әзірлеу арқылы тілдік және мазмұндық дағдыларды дамыту.

4. CLIL технологиясы: Интеграцияланған мазмұн мен тілдік оқыту әдісін қолдану.

Осы тақырып аясында ғалымдар нақты дәлел арқылы ғылым саласында еңбектерін қалдырған. Қазақстанның арнайы мектептері мен гимназияларында үштілді оқытудың нәтижелерін көрсеткен. Ғалымдар ұсынған әдістер оқушылардың танымдық белсенділігін және мәдениаралық коммуникациясын дамытуға айтарлықтай көмектескен.

Профессор Р.Б. Нұртазина үш тілде оқытудың эксперименттік бағдарламаларын ұсынып, олардың тиімділігін дәлелдеді [4]. Ол қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқытылатын пәндердің мазмұндық жағынан үйлесімділігіне ерекше назар аударды.

Әрине заман ағыны тез өркендейдеуде сондықтан үш тілді қоғамда тілдік пәндердің өзара байланысын іске асыруда кедергілердің болуы қалыпты. Мұғалімдердің біліктілік деңгейі үш тілді тиімді оқытуға әрдайым сәйкес келе бермейді. Тілдік ортанын жеткіліксіздігіде әсер етуде (әсіресе ағылшын тілінде). Ата-аналар мен қоғамның кейбір бөлігінің үштілді оқытуға қатысты теріс көзқарасында ескерген жөн. Қазіргі уақытта көптеген мұғалімдер мен ата-аналар оқушыға жүктеменің өте көп артуы туралы қиыншылықтарын жеткізеді. Мәселелердің арқасында әрдайым ұсыныс пайда болады. Отандық ғалымдар өз тұжырымдарын, ұсыныстарын жүзере асыруға тырысуда. Осы жағдайларда мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, шетел тілінде сөйлеу ортасын құру (ағылшын тілінде диалог клубтары, жазғы лагерьлер), үштілді оқытудың артықшылықтары туралы халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, үш тілді оқытудың деңгейлік бағдарламаларын мектеп бағдарламасына енгізу, халықаралық тәжірибені ескере отырып, үштілді оқытудың әдістемесін жетілдіруді ескеру керек.

Үштілді білім беру Қазақстанның білім беру жүйесінде қажетті бағыт болып қала бермек. Бұл бағдарлама оқушылардың коммуникативтік, когнитивтік және мәдени дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Ақпарат ағыны үздіксіз өсуде, сондықтан оқу пәндері шеңберіндегі білім беру міндеттерін интеграциялау білім алушыларға жүктемені азайтуға айтарлықтай әсер етеді.

Қазақстандағы үштілді білім беру тәжірибесі мемлекеттік тілдің мәртебесін сақтай отырып, басқа тілдерді меңгеру арқылы елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға негізделген. Бұл бағыт болашақ ұрпақтың мәдениаралық қарым-қатынастына дайын болуына жағдай жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Стратегия «Казахстан-2050: новый политический курс состоявшегося государства» // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1200002050>.
2. Методическое руководство по применению Единого языкового стандарта обучения трем языкам в учебном процессе школ Казахстана. – Астана, 2018. – 32 с. // <https://nao.kz/files/blogs/1522760435393.pdf>.
3. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева от 31 января 2017 года «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700002017/links>.
4. Нұртазина, Р. Б. Продолжение урока. Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 2023.
5. Жетписбаева Б.А., Сырымбетова Л.С., Кубеева А.Е. К вопросу подготовки педагогов для многоязычного образования в Казахстане // Актуальные проблемы филологии и методики преподавания иностранных языков. – 2017.
6. Кунанбаева, С. С. Современное иноязычное образование: методология и теория. Алматы: КазУМОиМЯ, 2015.
7. Черниговская, Т. В. “Когнитивные преимущества раннего изучения иностранных языков”. Наука и образование. – 2020. - Т. 42, №5. –С. 12-18.
8. Сырымбетова Л.С. Казахская модель трехязычного образования (методологические подходы, принципы и основные стратегии обучения трем языкам) // Вестник Новосибирского государственного педагогического университета. – 2017. – №4. – С. 72-92.

ОБЗОР НАУЧНЫХ ТРУДОВ ПО РЕАЛИЗАЦИИ ВЗАИМОСВЯЗИ ЯЗЫКОВЫХ ПРЕДМЕТОВ В ШКОЛЕ

Жұман Сәния Әділбекқызы

Научный руководитель: Майгелдиева Жанат Мұсабекқызы

В данной статье рассматриваются теоретические и практические аспекты внедрения трехязычного образования в Казахстане. Обсуждается важность взаимосвязи казахского, русского и английского языков и её роль в развитии коммуникативных, когнитивных и межкультурных навыков учащихся. В исследовании анализируются современные методики преподавания языковых дисциплин, практические примеры, а также барьеры и пути их преодоления.

Ключевые слова: трехязычное образование, языковые дисциплины, коммуникативные навыки, методологические подходы.

REVIEW OF SCIENTIFIC PAPERS ON THE IMPLEMENTATION OF THE RELATIONSHIP OF LANGUAGE SUBJECTS IN SCHOOL

Zhuman Saniya Adilbekkyzy

Scientific Supervisor: Maigeldieva Zhannat Musabekovna

This article explores the theoretical and practical aspects of implementing trilingual education in Kazakhstan. It discusses the importance of integrating Kazakh, Russian, and English languages and its role in developing students' communicative, cognitive, and intercultural skills. The study analyzes modern teaching methodologies for language subjects, practical examples, and challenges, along with solutions to overcome them.

Keywords: trilingual education, language subjects, communicative skills, methodological approaches.

REFERENCES

1. Strategy "Kazakhstan-2050: a new political course of the established state" // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1200002050> .
2. Methodological guidance on the application of the Unified Language Standard for teaching three languages in the educational process of schools in Kazakhstan. – Astana, 2018. – 32 p. // <https://nao.kz/files/blogs/1522760435393.pdf> .
3. Message of the President of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbayev dated January 31, 2017 "The third modernization of Kazakhstan: global competitiveness" // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700002017/links> .
4. Nurtazina R.B. Continuation of the lesson.-Almaty: Kazakh memlekettik baspasy, 2023.
5. Zhetpisbaeva B.A., Syrymbetova L.S., Kubeeva A. E. On the issue of teacher training for multilingual education in Kazakhstan // Actual problems of philology and methods of teaching foreign languages. – 2017.
6. Kunanbayeva S.S. Modern foreign language education: methodology and theory. Almaty: Kazumoimya, 2015.
7. Chernihiv T.V. "Cognitive advantages of early learning of foreign languages." Science and Education. – 2020. - Vol. 42, No.5. – pp. 12-18.
8. Syrymbetova L.S. The Kazakh model of trilingual education (methodological approaches, principles and basic strategies for teaching three languages) // Bulletin of the Novosibirsk State Pedagogical University. - 2017. – No. 4. – pp. 72-92.